



БҰЙРЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласы
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 117
город Нур-Султан

**«Манаш Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының директорлар кеңесінің
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, сондай-ақ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің сандық құрамы 7 (жеті) адам болып белгіленсін.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына Башмаков Анатолий Афанасьевич – мемлекеттік және саяси қайраткер, тәуелсіз директор (келісім бойынша) сайлансын.

3. Анатолий Афанасьевич Башмаковтың өкілеттік мерзімі «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 91 бұйрығымен айқындалған Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына дейін белгіленсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

000387